# Ата- аналар жиналысы отырысының
# ХАТТАМАСЫ

Қатысқан: 20 ата-ана,

Күні: 10.10.2023 жыл

**Күн тәртібінде**

1. **2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы;**
2. **«Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы;**
3. **«Ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығы» жұмысын ұйымдастыру, қызметін жүзеге асыру туралы;**
4. **Әр түрлі мәселелер;**

**Тыңдалды:**

Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Белялова Г.М ата-аналарды жаңа оқу жылымен құттықтап жиналыстың күн тәртібімен таныстырып өтті.

2023-2024 оқу жылындағы тәрбие саласында болатын өзгерістермен Қазақстан Республикасының оқу- ағарту министрінің «Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мазмұнына тоқталып, бағдарлама 2023-2026 жылдарға арналғандығын, 3 негізі тәрбие құндылықтарына негізделгендігін түсіндірді. Тәрбиенің 3 негізгі құндылықтары: Ұлттық мүдде, Ар- ұят, Талап құндылықтары аясында мектеп оқушы ата-ана үштік одағы бірігіп отырып, жұмыс жасау керектігі айтылды. Сонымен қатар, мектепте Қазақстан Республикасының оқу ағарту министрлігінің және де «Адамның үйлесімді дамуы ұлттық институты» КЕАҚ ұсынған «Ата- аналарды қолдау орталығы жұмыс» жұмыс жасайтындығын айтып өтті. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» негізінде берілген ата-аналарға арналған оқу бағдарламасымен жұмыс жүргізілетіндігін жеткізіп, Орталық аясында «Даналық мектебі» құрылып, оның «Ата өсиеті», «Әже даналығы», «Аға қамқорлығы», «Жеңге кеңесі» секциялары жұмыс атқаратындығын, әр сексияның жылдық жұмыс жоспары жасалынғандығын, осы жоспар аясында жұмыс жасайтындығын айтты. Сонымен бірге жылдағыдай «Әкелер», «Аналар» мектебі жұмыс жасайтындығын, осы мектептер аясында да бірігіп жұмыс жасауға ата-аналарды шақырып, «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» туралы ата-аналарды хабардар етті.

Сынып жетекшілер арқылы таратылған хабарлама желісінде мектеп формасын сақтау, түнгі 23:00 ден кейін ата-анасыз, заңды өкілінсіз жүрмеу, сабақ үстінде ұялы телефон ұстамау т.с.с ережелерді жеткізіп, 2022-2023 былтырғы оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы Самуратова Жанар болғандығын, ол кісінің жұмысына «қанағаттанарлық» деп баға бере отырып, биылғы 2023-2024 оқу жылына ата-аналар комитетінің жаңа құрамын сайлауды ұсынды.

Ата-аналардың ұсынысы бойынша 2023-2024 жаңа оқу жылына арналған ата-аналар комитетінің құрамын былтырғы оқу жылындағыдай қалдыруды жөн көрді. Осыған орай, сыныпта сайланған ата-аналар комитетінің төрайымдарына ата-аналарға арнап ортақ чат ашып, сыныптағы басқа ата-аналармен мектеп мәселелері мен жаңалықтары бойынша жұмыс жүргізуді сұранды. Жыл бойы мектепте атқарылатын мектепішілік іс-шараларға қатысып, қолдау білдіріп, көмек көрсетулері керектігіне тоқталды. Жиналыстың қорытындысында мектеп психологі Б. Есенова «Мен қандай ата –анамын?» тақырыбында қызықты тренинг өткізіп, соңы пікіралмасуға жалғасты.

**Шешімі:**

1. 2023-2024 оқу жылының ерекшеліктері туралы айтылған баяндама назарға алынсын.
2. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» мектеп-окушы-ата-ана үштік байланысында жүзеге асырылсын.
3. «Ата-аналарды қолдау орталығы» ашылсын.
4. «Ата-аналарды білім беру ұйымдарында педагогикалық қолдау бойынша нұсқаулық» аясында ата-аналар сабағы жүргізілсін, ата-аналар тізім бойынша сабақтарға қатыссын.
5. «Мектеп тарапынан ата-аналарға қойылатын талаптар» ата-аналар жадында ұстасын.
6. 2023-2024 оқу жылында ата-аналар комитетінің төрайымы больп Курмангалиева Зейнегүл сайлансын.
7. Ата-аналардың мектеппен байланысы арттырылсын.

***Жиналыс төрағасы:***

**Хатшы:**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы**

**27.10.2023ж.**

**Қатысқандар:**

Ата-аналар – 15
Хатшы – Имамбаева Зарина

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1. Сыныптағы оқушылардың үлгерімі, үздік және екпінді оқушыларды атап өту.
2. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі Жанкулова Жанар Темирхановна ата-аналарға І-тоқсанның қорытындысын айтып өтті. І-тоқсанды 6 қыз бала және 1 ұл бала барлығы 7 оқушымен аяқтады. Каллиграфиясы төмен, оқу шапшаңдығы төмен оқушы Швец Виллия мен Пенер Эвелина ата-аналарына баласының сабақтан тыс уақытта сабақтарын қадағалау тапсырылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сынып жетекшісі: Жанкулова Жанар ата-аналарға оқушылардың үлгерімі туралы айтты. Екпінді-5 оқушы, қалған 2 оқушы қанағаттанарлық деп атап өтті.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналарға оқу бағдарламасы, оқулықтар, кітап, дәптермен жұмыс жүргізілуі туралы айтылды. Оқулықтарды таза ұстау, қаптап, күнделіктерін толытырып жүру тапсырылды.

**Шешім:**

1. І-тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. І-тоқсан қорытындысы бойынша Швец Виллия мен Пенер Эвелина ата-аналарына үйдегі уақытта баласының сабақтарын қадағалау жүктелсін.
3. Оқушылардың мектептегі оқу үлгерімін, тәртібін қадағалау сынып жетекшісіне жүктелсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Бегарстанова Қ**

**Хатшы:** **Имамбаева З**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №3**

**27.12.2023ж.**

**Қатысқандар:**

Ата-аналар – 17
Хатшы – Имамбаева Зарина

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1. II тоқсан қорытындысы. /Жанкулова Ж.Т/
2. Дөңгелек үстел: «Мен және менің балам». / Жанкулова Ж.Т/
3. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша сынып жетекшісі Жанкулова Жанар II тоқсан қорытындысымен ата-аналарды таныстырып өтті. Сыныпта 7 оқушы бар, олардың 6 қыз бала, 1 ұл бала. II тоқсанның қорытындысын айтып өтті. II тоқсан бойынша оқушылардың білім деңгейі айтылды.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша ата –аналармен «Мен және менің балам» атты дөңгелек үстел өткізілді. Дөңгелек үстелдің мақсаты: Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екендігін түсіндіре отырып, ата-аналарға өз баласының ерекшелігін білуге, оның жан дүниесін түсінуге, ата-ана бойына өздерін тәрбиеші әрі мұғалім ретінде қарауға жауапкершілігін арттыру. Дөңгелек үстелге ата-аналар белсене қатысты.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша әр түрлі мәселелер қозғалды. Ата-аналарға оқушылардың мектеп формасын, тазалығын, сабағын, мектепке келіп-кетуін қадағалау туралы айтылды.

**Шешім:**

1. II тоқсан қорытындысы «қанағаттанарлық» деп табылсын.
2. Отбасындағы ата-анамен бала арасындағы қарым-қатынасты нығайту ата-анаға жүктелсін.
3. Оқушылардың сабақ үлгерімі, тәртібі, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Бегарстанова Қ**

**Хатшы:** **Имамбаева З**

**Ата-аналар жиналысының хаттамасы №4**

**15.03.2024ж.**

**Қатысқандар:**
Ата-аналар – 11
Хатшы – Имамбаева Зарина

**Күн тәртібінде қаралған мәселе:**

1. ІІІ тоқсан қорытындысы. /Жанкулова Ж/
2. Баяндама «Бала тәрбиесі баршаға ортақ». /Жанкулова Ж/
3. Әртүрлі мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша сынып жетекші Жанкулова Жанар ІІІ тоқсан қорытындысымен таныстырды. ІІІ тоқсан қорытындысы бойынша сынып сапасы 97% -ды көрсетті. Сыныпта 6 екпінді олар Абаев А, Бегарстанова М, Мауытбаева А, Бегарстанова С, Ғинаят М, Пенер Э. 1 оқушы Швец Виллия қанағаттанарлық білім көрсеткішін көрсетті.

Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша сынып жетекші Жанкулова Жанар «Бала тәрбиесі баршаға ортақ» тақырыбында баяндама оқыды. Бүгінгі білім беру жүйесіндегі өзгерістер мен жаңалықтар еңбек тәрбиесіне жаңаша қарауды талап етіп отыр. Балаларға адамгершілік салаларды қалыптастыруда отбасы шешуші рол атқарады. Сол себепті әр ата-ана өз баласымен тығыз байланыс орнату қажет.

Күн тәртібінің үшінші мәселесі бойынша ата-аналар өздерін толғандырып жүрген мәселелер бойынша сұрақтар қойып пікірлесті.

**Сөз сөйлегендер:**

**Ата-ана Зарина:**

- Баяндама жақсы, түсінікті болды. Мектеппен әрқашанда тығыз байланыста болуға тырысамыз. Баламыздың тәрбиелі білімді болғаны барлық ата-ана үшін маңызды деп ойлаймын. Мектеппен, сынып жетекшімен жақсы қарым-қатынас жасаған. Ұйымдастыру жұмысы да жақсы.

**Ата-ана Олесья:**

- Жиналыста баламыздың тәрбиелі, жақсы білім алу үшін сынып жетекшімен, мектеппен жақсы қарым-қатынаста болу керек екендігін түсіндім. Сонымен қатар өткізілетін шараларға да қатысуға мүмкіндігімше тырысамын.

**Шешім:**

1. ІІІ тоқсан қорытындысы қанағаттанарлық деп табылсын.
2. Бала тәрбиесін қадағалау жұмыстары ата-ана жағынан күшейтілсін.
3. Оқушылардың сабақ үлгерімін, тәртібін, тазалығын қадағалап отыру сынып жетекшісі мен ата-аналарға жүктелсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Бегарстанова К**

**Хатшы:** **Имамбаева З**

## Ата-аналар жиналысының хаттамасы №5

**22.05.2024ж.**

**Қатысқандар:**

Ата-аналар – 15

***Күн тәртібінде:***

1. Жылдық қорытынды есебі. /Жанкулова Ж.Т/
2. «Жазғы демалысты балалар қалай өткізу керек?» /Жанкулова Ж.Т/

4. Ағымдағы мәселелер.

**Тыңдалды:**

Күн тәртібіндегі І- ші мәселеге сәйкес ата-аналар балаларының ІҮ оқу тоқсаны мен жылдық оқу қортындысын тыңдады. ІІІ тоқсан қорытындысымен салыстырғанда осы тоқсанда едәуір балалардың сабақтарында бағалары көтеріліп едәуір үлгерімдері жақсарғаны айтылды. Ата-аналарға ешқандай себепсіз сабақтан қалатын оқушылардың бар екендігі айтылды. Сонымен бірге ата-ана жиналысына шақырғанда түгел келмейтіндігі, жалпы ата-аналардың балдарының сабағына дұрыс көңіл бөлмейтіндігі айтылды.

Күн тәртібіндегі ІІ- ші мәселе бойынша «Жазғы демалысты балалар қайда өткізу керек?» тақырыбында ата-аналармен сұхбаттасты. Балалар жазғы демалысында лагерьге барып демалғандары жақсы екені айтылды. Әр ата-ана өз баласының біліміне толықтай қанағаттанатынын айтты. Келешек әр ата-ана өз баласының оқуына, сабағынан ретсіз қалмауына баса көңіл айтты.

Келесі мәселе ағымдағы сұрақтар. Оқушылардың оқулықтарын дұрыстап, желімдеп реттеп тапсыру керектігі айтылды. Жазғы демалыста балаларының өмір қауіпсіздіктеріне ата-аналардың өздері жауапты екендігі туралы қол хаттар алынды.

**Шешім:**

1. ІҮ оқу тоқсан, жылдық оқу қортындысы «қанағаттанарлық» деп бағалансын.
2. Балалардың жазғы демалыстарын тиімді ұйымдастыру ата-аналарға жүктелсін.

**Жиналыс төрайымы:** **Бегарстанова Қ**

**Хатшы:** **Имамбаева З**